

# Аягөзде Қозы мен Баянға ескерткіш орнатылды

1 қазан 2013 | 00:10 | Қоғам | Қаралған: 2512 | Пікірлер: 0



Аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ жұмыс сапарымен Аягез ауданында болды. Облыс Әкімі егін ору науқанының және жылдыту маусымына дайындық шараларының барысымен танысып, аудан орталығында «Қозы Қорпеш – Баян сұлу» ескерткішінің ашылу расіміне қатысты.

Егін шаруашылығына ерекше мән беріліп отыр

Аймақ басшысы ат басын алдымен Сарыарқа ауылдық округіндегі «Саржалау» шаруа қожалығының алқабына бұрып, мұндағы күзгі жиын-терін жұмыстарының барысын бағамдады. Қожалық жетекшісі Габдыманат Бекентұров 350 гектар жерге бидай еккенін айтады, түсімі жаман емес. Округ әкімі Бекболат Ахмешовтің пайымынша, биыл жауын-шашынның молдығынан астық бітік шыққан, соңғы рет мұндай өнім ауданда осыдан он жыл бұрын алыныпты.

Шаруа қожалықтарының техникасы жеткілікті болғанымен, басым көпшілігі әбден ескірген екен. Десек те, лизинг арқылы тракторлар мен комбайндар жаңартылып келеді. Сондай-ақ, науқан кезінде шаруалар үшін сұйық отын арзандатылған бағамен босатылады. Қожалық жетекшілері үшін басты мәселе дайын өнімді лайықты бағамен еткізу болып отыр. Алыпсатарлар мен дедалдар бидайды нарықтағы құнынан тәмен бағаға сатып алатын көрінеді.

Жергілікті шаруа қожалықтарының басшыларымен кездескен облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ тағы да шаруашылықтарды ірілендіру маселесін тілге тиек етті. Ұсақ шаруашылықтардың бірігуі олардың дамуына соны серпін бермек.

Бұдан соң аймақ басшысы Сарыарқа ауылынан сегіз шақырым қашықтықта орналасқан 18 ғасырдағы саулет внерінің ескерткіші – Байқара бидің және оның ұлы атақты Ақтайлақ бидің мазарларына барып, бабалар рухына тау етті. 1990 жылы би үрпақтары және жергілікті жұртшылық сол мазарды қоршай отырып, жаңа кесене тұрғызған-ды. Облыс Әкімі ел азаматтарының мәдениетарихи мұрамызға деген осындай қамқорлығы мен құрметтін жоғары бағалады.

Мұнан кейін облыс Әкімі Ақши ауылдық округіндегі «Майжан Ақшоқы» шаруа қожалығының егін алқабына барып, жергілікті шаруа қожалықтарының жетекшілерімен жүздесті. Осы жерде аудан басшысы Нұрбол Нұрғалиев алеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы қысқаша мәлімет беріп етті. Оның айтуына қарағанда, ағымдағы жылы вңірдегі егін алқаптары 17 мың гектардан 22500 гектарға үлғайып, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 40 пайызға есken. Мониторинг деректері бойынша негізгі азық-түлік тауарларының құны тұрақты қалпында қалуда. 400-ден астам жұмыс орны ашылып, тіркелген жұмыссыздар үлесі бір пайызға кемілті. Ал астықтың өнімділігі гектарынан 15 центнерді құрап отыр. Бұл – топырағының құнарлығы орташа вңір үшін жақсы көрсеткіш.

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ қожалықтар жетекшілерін ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты бағдарламаларды барынша пайдаланып қалуға шақырды. Мемлекет тарарапынан ұсынылып отырған түрлі бағдарламалар бойынша кәсіпкерлердің женілдетілген несие, жаңа техника, асыл

тұқымды мал алу мүмкіндіктері бар. Аймақ басшысы, сондай-ақ, отарлы мал шаруашылығын өркендету, шағын шаруашылықтарды іріләндіру қажеттілігі туралы да атап етті. Себебі, қазіргі кезде ауданда 1400 шаруа қожалығы бар екен. «Синоптикер биыл қыс ерте басталып, ұзаққа созылатынын айтуда» деген ол жемшепті аркез молынын жинау керектігін де еске салды.

## «Жастар» саябағы жұрттың сүйікті мекеніне айналды

Осы күні тасына дейін тарих тұңған шежірелі өлкеде байтақ елді елең еткізер, үрпаққа ұлағатты тарбие-тағылым танытып, жұртшылық жүргегінде ұзақ сақталар иғі шара етті. Атап айтсақ, қурделі жәндеуден еткен «Жастар» саябағында «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» ескерткішінің ашылу салтанаты болып етті. Саябақты толығымен жаңартып, ішіне волейбол, теннис алаңдарын, субұрқақ орнатуға 31 миллион теңге жұмсалса, ескерткіш демеушілер көмегімен жасалыпты.

– Біз болашақ үшін ешuaқытta еткенімізді ұмыптауымыз керек. Барлығымыз жас кезімізден Қозы Қөрпеш пен Баян сұлудың арасындағы сезім жырланатын мың жылдық адеби мұраны жақсы білеміз. Осы ескерткішті ашудағы басты мақсат – жастарымызды Қозы мен Баянның сүйіспеншілігі аясында тарбиелеу. Өйткені, екі жастың бір-біріне деген мәлдір махаббаты – ұлттық мәдениетіміздегі адеміліктің, ақылдылық пен парасаттылықтың айнымас үлгісі, – деген Бердібек САПАРБАЕВ облыс басшылығы атынан ескерткішті салуға көмек қолын созған, осы істі жан-жақты қолдаған аудан азаматтарына, қасіпкерлерге ақжарма алғысын білдірді.

Бұдан ері сез свіллеген жергілікті ақсақалдар алқасының мүшесі Мұқан Балабеков айтулы оқиғаға қатысты өзінің жүреу жарды тілегін айтЫП, Аягез өңірінің шын мәнінде махаббаттың отанын отырғанын жеткізді.

Ашылу расімінен соң сол күні шаңырақ көтерген жас жұбайлар мәңгілік махаббаттың символы – Қозы мен Баянның ескерткішіне тағзым етті. Жастарға облыс Әкімінің арнайы сыйлығы мен құттықтау хаты табыс етілді. Осы сәулөт туындысы оларды тау суындағы мәлдір махаббатқа, пак сезімдерге жетелеп, шаңырақ көтерген сәттерінің куаси болары сезсіз.

Бұдан соң облыс Әкімі еліміздің тұңғыш Сыртқы істер министрі, ауданның құрметті азаматы Телеутай Сүлейменовтің жүлдесіне арналған бокстан жассаспірімдер арасындағы II халықаралық турнирдің актық сынның тамашалады. Телеутай Сқақұлы «Тұған жерге – тағзым» акциясы аясында екі жыл бұрын Аягез қаласына бокс орталығын сыйға тартып, алғашқы турнирді үйимдастырған болатын. Биылғы жарысқа Ресейден, Монголиядан, Өзбекстан мен Қырғызстаннан және еліміздің түкпір-түкпірінен 15 команда келіпті. Женімпаздарды марарапаттау расімінде сез свіллеген аймақ басшысы спорт деңсаулық пен табысқа жетудің көпілі екенін, Шығыс Қазақстанда қасіби және бұқаралық спортты дамыту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атап етті.

## Қаланың қазандықтары қысқа дайын

Мұнан кейін облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ қаладағы бірқатар құрылымы нысандарын аралап, алдағы жылдыту маусымына дайындық жұмыстарын пысықтады. Бүгінгі таңда Аягезде екі балалар бақшасы мен 600 орындық мектеп салынуда. Биыл басталған мектеп құрылышы қарқынды жүріп жатыр деуге болады, мердігер – «Алау» серікtestігі қазіргі кезде ғимараттың бірінші қабатын көтеріп қойыпты, нысан келесі жылы пайдалануға берілуі тиіс. Алайда, балабақшаның құрылышы кестедегі

мерзімнен кешіккен, ол осы айда аяқталып бітуі керек болатын. Мердігер ауа райының қолайсыздығын және нысан салынып жатқан жердің тастылығын сұлтауратып отыр.

– Тұрғындар атальыш ғимараттың салынып бітуін тағаттыздана күтуде, қала Балабақшаға аса зару. Ал құрылым белгіленген мерзімнен кешігіп жатыр. Жыл соңына дейін нысан пайдалануға берілуі тиіс. Өйтпеген жағдайда, мердігер үйымдарға қатысты заңға сайкес қатаң шараптар қолданылатын болады, – деп ескерті облыс Әкімі.

Тұрғындарға қызмет көрсету орталығы, аудандық білім белімі сынды бірқатар мекемелер орын төбетін орталықтағы үш қабатты ғимаратты қалпына келтіру үшін бюджеттен 74 миллион теңге жұмысалыпты. Жұмыстар соңына тақаған, түбекейлі бір айдың ішінде аяқталуы тиіс.

Қысқа өзірлік барысы бойынша Аягезді віріндің взге қалаларына үлгі етуге боларлық. Қалада жұмыс істейтін бес жекеменшік қазандықта да қатты отынның жеткілікті қоры бар, тұрғын үйлердің дені қазандықтардан берілетін жылуды қабылдауға дайын. Аймақ басшысы «Жаңа» және қаланың жартысын жылумен қамтитын ең ірі «Орталық» қазандықтарында болып, олардағы құралжабдықтардың жағдайын өз көзімен көрді, дайындық жұмыстарына оң баға берді.

– Қаладағы 52 көпқабатты тұрғын үй жылуды қазандықтардан алады. Бұғандегі олардың 96 пайзы жылу қабылдауға азір. Біздегі бес қазандық жылына 61 мың тонна көмірді қажет етеді, қазіргі кезде оның 44 мың тоннасы тиісті жерлерге жеткізілген, – дейді Аягез қаласының әкімі Бақытжан Байахметов.

Ержан Әбіш